

мектептер мен жаңа мектептерде жүргізілетін жұмыстардың өзіндік ерекшеліктері бар. Мектеп ауласын күтіп баптау дәл қазіргідей сен салар да мен салар болып, нақты жауап беретін бір адам болмаған жағдайда жағымды нәтижеге жетуі қиын. Сондықтан, мектептің типіне қарай ауланы күтетін шаруашылық есепте бір немесе екі бағбанның болғаны өте орынды. Мектеп ауласын көгалдандыру жұмысы мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беруде, тәрбие сағаттарында, өсімдіктермен жұмыс істей білу дағдысы мен іскерлігін қалыптастыруда, экожүйені сақтау, қоршаған ортаны қорғау және биология пәні бойынша алған білімдерін тәжірибеде пысықтап, ары қарай жетілдіруге ықпал етеді.

Халықаралық қайта құру және даму банкінің ұсыныстарында Еуропа және Орталық Азия аймағы елдерінің білім беру жүйесінің негізгі мақсатының бірі-білім беру саласындағы қызмет көрсету жұмысында жауапкершілікті арттыру, білім беру секторын әкімшілік басқару және мемлекеттік басшылық жасау принциптері мен практикасын қайта қарау қажеттілігі көрсетілген. Мектеп табалдырығын 6 жасында аттаған оқушы 16-17 жасында оны бітіреді. Он бір жыл бойы білім алып рухани дамумен қатар, олар анатомо-физиологиялық жағынан өзгеріске түсіп жеке тұлғалық ерекшеліктері, әлеуметтенуі қалыптасып, даму процесі жүреді. «Гүлстан» гүл алқабында көгалдандыру жұмысына балаларды жас кезінен үйрету, олардың бойына табиғат байлығын сақтап, көбейту дағдысын, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыруда осы технология кеңінен қолданылады. Соның бірі оқыту-тәрбиелеу процесінде қолданылатын модуль. Оған гүл алқабының мақсаты мен міндеттері, әдістемелік нұсқаулар, іс-әрекеттер негізі, меңгеру сапасын бақылау /өзін-өзі бақылау/ кіреді. «Гүлстан» гүл алқабында көгалдандыру жұмысына білім алушыларды көгалдандыру мәдениетіне үйретуге қолайлы жағдай туғызып, оны іске асырудың педагогикалық шарттары айқындалып, тиімді формалары дайындалды. Міндеті:

1. жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыру;
2. таным үрдістерін дамыту;
3. танымдық қабілеттерін дамыту;
4. сөздік қорын дамыту;
5. өзара көмек, жағдайды бірігіп бастан өткізу;
6. үйрену себептерінің өзгеруі.

Бұл технологияның ерекшелігі – жеке тұлғаның таным қабілеттері мен таным процестерін арнайы жасалған танымдық жағдайлар арқылы дамуы, жеке тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі көрсетуі, өзара қарым-қатынас, жағдайдың маңыздылығын анықтау, өсімдіктердің түрлерін нақты қолдана отырып түсіндіріп, үйрету және белсенді сөздік қорын жасауды /ауызша және жазбаша/ дамыту болып табылады. «Гүлстан» тобының мүшелері «Гүлстан гүл» алқабында жаз кезінде бос уақыттарында бозкілемнен композиция жасауды, гүлдердің аттарын қазақ және латын тілдерінде атауды үйреніп, соның негізінде ЮНЕСКО-2007 және «Халықаралық ландшафт-2007» көрмесінің дипломанттары атанды. «Гүлстан» гүл алқабында экскурсия 2007 жылы мамыр-тамыз айларында Республика көлемінен келген оқушылар, ұстаздар, ата аналар қауымдастығы үшін барлығы – 3000 қатысушы, 2008 жылы мамыр-тамыз айларында Республика көлемінен келген оқушылар, ұстаздар, ата аналар қауымдастығы үшін барлығы қатысушы – 4000 оқушы. Сонымен қатар, «Қызғалдақтың Отаны – Қазақстан» атты мерекелік іс-шара Алматы қаламыздың 20 мектептерінің арасында 300 оқушының қамтып өткізілді. 2009 – 2014 жылдары аясында Алматы қаласында мектеп, балабақша, колледж, жоғары оқу орындарынан және ата-аналар қауымдастығының белсенділігі негізінде «Гүлстан» гүл бағында барлығы 20000 адам Өсімдіктер әлемін тамашалады. Алматы қаласында орналасқан Гүлстан гүл бағына келушілер саны жыл сайын артып отыр. Осы үлгілі бақтың жалғасын еліміздің Жер Жанаты Жетісу аймағындағы Алматы облысы, Кербұлақ ауданына қарасты Басши ауылдық округінде тапты. Атап айтқанда Нурум, Басши ауылдарында 30 гектар жерге әр түрлі тақырыптық, танымдық бақтар жасалынды. Осы бақтар Қазақстанның әрбір елді мекенінде жасалынатын бақтарының алғашқы іргестасы болып табылады. Мемлекетте бақтардың санын көбейтудің жолы, ол мемлекет тарапынан белгіленген Жылдар, мысалы Отбасы жылы аясында мен «Аналардың құрметіне бақ егейік» деген үндеу жариялап «Батыр ана» бағы дүниеге келді. Ол 10 гектар жерде 27 түрлі ағаштармен бұталар барлығы 6000 түп. Анаға деген құрметің жаңа үлгісі және бақтардың санын көбейту. Болашақта әр бір елді мекенде ананың құрметіне неге бақтар салынбасқа. Мәдениет жылы аясында Отанымыздың белігілі Әншісі, қоғам қайраткері Нұрғали Нүсіпжан атына 5 гектар жерге алма бағы жасалынып және оның аты берілді. Біз өмірде 60,70,80,90,100 жасқа келген қоғам қайраткерлерінің құрметіне мерей тойлар жасап жүрміз. Шапан жабу, ат міңгізу, автокөлік сыйлау

рәсімдермен шектеліп жүрміз. Қоғамда осындай мерей тойлардың орнына Өсімдік бақтарын жасау жергілікті билік орындағы басшыларға, кәсіпкерлерге керемет бастама болып табылады.

Алматы қаласында 2014 жылдың 8 наурыз Халықаралық әйелдер мейрамы мерекесі қарсаңында «Қанатты әйел-2014» көрмеге «Гүлстан» республикалық ғылыми-танымдық, көпшілік журналы мен «Гүлзар» қоғамдық бірлестігі қазақ тілінде «Өсімдіктер әлемі» оқу-әдістемелік кешенінің 58 кітаптары және көгалдандыруға арналған 2012-2014 жылдардағы «Гүлстан» журналы ұсынылды. Қортындысында «Гүлстан» ЖШС-і Алматы қаласының әкімі А.Есимовтың Алғыс хатымен марапатталды.

Әр адам өз ауласын, жұмыс орнын, жалпы өмір сүретін ортасын көгалдандырса, бұл мемлекетіміздің гүлденгені.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Республикалық ғылыми-танымдық, көпшілік «Гүлстан» журналы 2012-2014 ж.ж.
2. Егемен Қазақстан газеті, 2013 ж. қыркүйек, 2014 ж. қазан
3. Айқын газеті 2013 ж. қыркүйек
4. Элементтік интернет желілеріндегі сайттардағы Г.А.Құлжабаеваның сұхбаттары;

**Ногайбаева Ж.**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультеті к.ф.н., доценті

**Әлім А.**

Журналистика факультетінің  
оқытушысы

## БОЛАШАҚТЫҢ ЖУРНАЛИСТЕРІН ДАЙЫНДАУ ИГІЛІКТІ ІСІ – БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА

Жаңа медиа технологиялар журналист пен журналистік білімге жаңа леп, жаңа түсінік, жаңа көзқарас әкелгені сөзсіз. Оларға қойылатын талаптар да өзгеріп, болашақ қаламгер мамандарды оқыту үрдісі де жаңаланып жатыр.

Журналистік шеберлікті қалыптастыру университеттік білімнен бастау алады. Дегенмен дүниежүзінде журналистік білімге қатысты түрлі көзқарастар бар: журналист болу үшін арнайы білім алудың қажеті жоқ дегеннен бастап, журналист әмбебап маман болуы керек т.с.с. Мектеп табалдырығында белгілі бір тақырыпқа жаза білетін баладан журналист шығады пікірмен жеке басым келіспеймін. Сөзсіз, жаза білу машығы журналистика мамандығына сәл де болса жақындастырады. Теледидар мен радиода журналист алдымен мәтінге сүйенсе, одан кейін ғана сол негізде дыбыс пен сурет, яғни, көрініс пайда болады. Осыған орай, журналистикаға келгеннің бәрі образды, гуманитарлық тұрғыдан ойлай білу жеткілікті деген тұжырымдама қате. Бүгінгі күннің журналистикасы нақтылықты, талдауды, өткір мінезділікті талап етеді. Қазіргі кезде көсіліп артық сөйлеу мен көп сөзді публицистиканың дәуірі өткен. Бүгінде нақты репортаж бен аналитиканың дәуірі. Бұл-бүкіл әлемде болып жатқан процесс. Ал, біз сол үдерістен артта қалмауымыз қажет. Осыған байланысты бір нәрсені айтпай кетуге болмайды. Біздің факультетте, нақтырақ айтқанда кафедрада, мұғалімдер мектептер арасында профориентациялық жұмыстарға қатысып, жазуға икемі бар балаларды университетіміздің студенті атануға үгіт-насихат жүргізеді. Бұл жерде де жоғарыда айтып өткендей, журналистика осы екен деп көпсөзділік пен қыздырма қызыл сөзділік маңызды емес, бұл жерде мінез керек. Ал, біз көп жағдайдан орманы қалай да орындасақ болды деп қателесеміз. Бұл қателік журналистикада жүрмейді. Сондықтан, бұл жерде логикалық ойлай алу, сан-алуан ақпараттың ішінде негізгіні қосымшадан айыра білу мен бір жүйеге рет-ретімен келтіре білу қабілеті әрқашанда сұраныста болатынын ұмытпауымыз керек.

Ойдан-ой туады демекші, осы пікірдің жалғасын журналистика профессоры Абдул – Хамит Ф. Мархабасевтың баспасөзге берген сұхбатындағы сөзімен жалғастырсақ: «Журналист – бәрінен бұрын күнделікті практикалық тірліктің «шығармашылық редакторы». Рас, олардың ішінде өз бетінше ғылыммен шұғылданып, кандидат, доктор ғылыми атағын иеленгендері, Құдайға шүкір, бірсыпыра бар. Мұндай ғылыми атақ алу секілді жақсы ниет конвейерге айналып кетпесе...